Қаржы есептілігін дайындау кезінде қолданылған есеп саясатының негізгі ережелері төменде сипатталған. Есеп саясатының бұл ережелерін Қоғам бірізді пайдаланды.

5.1. Қаржылық құралдар

5.1.2. Туынды емес қаржылық құралдар

Туынды емес қаржылық құралдарға сауда және өзге де дебиторлық берешек, ақша қаражаттары және олардың баламалары, кредиттер, қарыздар бойынша берешек, сондай-ақ сауда және өзге де кредиторлық берешек жатады.

5.1.3. Ақша қаражаттары

Есепті кезеңнің аяғындағы қаржы есептілігінде көрсетілген ақша қаражаттары және олардың баламаларына кассадағы ақша қаражаттары, банктегі есеп шоттардағы ақша және Қоғам балансындағы өзге де ақша қаражаттары жатады.

5.1.4. Дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Қоғам шартта белгіленген мерзімде тиесілі соманы ала алмайтындығын растаған жағдайда танылатын дебиторлық берешек құны азайтылған резервті алып тастағанда негізгі қызмет (қосылған құн салығынсыз) бойынша ұсынылған шоттар сомасында беріледі.

Дебиторлық берешек ағымдағы немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі. Ағымдағы дебиторлық берешек он екі ай ішінде алынады. Барлық өзге берешек ұзақ мерзімді берешек болып табылады.

5.1.5. Ағымдағы салық активтері

Салық заңнамасына сәйкес корпоративтік табыс салығы, мүлікке салынатын салық, жер салығы, көлік құралдарына салынатын салық бойынша аванстық төлемдерді жүзеге асыру қажет. Бұдан басқа, заңнамада басқа салық түрлерін алдын ала төлеммен төлеуге тыйым салынады. Ағымдағы салық активтері (алдын ала төленген салықтар) ағымдағы актив ретінде көрсетіледі, алдын ала төленген салықтар бойынша дебиторлық берешеу ретінде танылады.

5.1.6. Қорлар

Қорлар бухгалтерлік есепте екі шаманың ең төмені бойынша есепке алынады: нақты өзіндік құны мен мүмкін сатудың таза құны. Қорлардың нақты өзіндік құны орташа өлшенген әдіс негізінде айқындаалды және оған сатып алуға, өндіруге жұмсалған шығындар немесе конверсиялық шығындар және қорларды олардың қазіргі орналасқан жеріне жеткізуге және оларды тиісті жұмыс күйіне келтіруге байланысты өзге де шығындар енгізіледі. Өзі шығарған қорларға және аяқталмаған өндіріс объектілеріне қатысты, нақты өзіндік құнға сондай-ақ өндірістік қуаттарды қалыпты жүктеу кезіндегі стандартты өндіріс көлемі негізінде және өндіріске жұмсалатын шығындарды есепке алу және өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құнын калькуляциялау ережелеріне сәйкес есептелетін тиісті қосымша шығыстар үлесі енгізілуі мүмкін.

Ықтимал сатудың таза құны осы объект бойынша оларды сату кезінде жұмыстарды орындауға жұмсалатын есептеу шығындарын алып тастағанда әдеттегі шаруашылық қызметі барысында қорларды сатудың болжамды бағасын білдіреді.

Таза сату құнына дейін қорларды бағалау есепті кезеңнің аяғында жүргізіледі.

5.1.7. Активтердің құнсыздануы

Тауар-материалдық қорлардан бөлек активтердің баланстық құны олардың құнсыздануын көрсететін белгілерін анықтау мақсатында есепті кезеңде қарастырылады. Мұндай белгілер бар болған жағдайда активтердің өтелетін құны есептеледі.

Активтердің құнсыздануынан келетін залал активтің немесе ақша ағындарын түзетін бірліктің баланстық құны өтелетін құннан асып кеткен жағдайда танылады.

Активтердің құнсыздануынан келген есептелген залал пайдалар мен залалдар туралы есепте танылады.

5.2. Негізгі құралдар

5.2.1. Тану және бағалау

Негізгі құралдар объектілері жинақталған амортизация сомаларын және құнсызданудан келген залалдарды алып тастағанда нақты құны бойынша көрсетіледі.

Негізгі құралдардың нақты құнына тиісті актив сатып алуға тікелей байланысты барлық шығындар қосылады.

Өз күштерімен құралған активтердің нақты құнына материалдарға жұмсалатын шығындар, еңбекке ақы төлеуге жұмсалатын тура шығындар, мақсаты бойынша пайдалану үшін оларды жұмыс күйіне келтірумен тікелей байланысты барлық басқа да шығындар, және бөлшектеу және орнын ауыстыру, олар алған учаскені қалпына келтіруге жұмсалатын шығындар жатады. Тиісті жабдықтың функционалды мақсатымен мызғымас байланысты бағдарламалық қамтымды сатып алуға жұмсалатын шығындар негізгі құралдардың құнына капиталға айналдырылады.

Негізгі құралдар сатып алу немесе құрылыс құны бойынша кірістеледі.

Негізгі құралдар объектісінен шығарудан түскен пайдалар мен келтірілген залалдар пайдалар мен залалдар құрамында таза күйінде танылады.

5.2.2. Кейінгі шығындар

Негізгі құралдар объектісінің бір бөлігін (маңызды компонентін) ауыстыруға байланысты шығындар, егер, Қоғам бұрынғы құнына қарағанда жоғары болып табылатын аталған бөлігімен байланысты болашақ экономикалық пайдалар алуы және қажет болған жағдайда оны бағалай алатындығы ықтимал болса, бұл объектінің баланстық құнында танылады.

Сатып алынған негізгі құралдарға кейінгі күрделі салымдар пайдалы қызмет ету мерзімінің басында бағаланған пайдаланудан болашақ экономикалық пайданы арттырған жағдайда бастапқы құнын арттырады.

Ағымдағы жөндеу және негізгі құралдар объектілеріне қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар олар туындаған кезде пайда немесе залал құрамында танылады.

5.2.3. Амортизация

Негізгі құралдардың әрбір жіктеу тобы оның күтілетін пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде тура әдіспен амортизацияланады және амортизациялық аударымдар сол есепті кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамына енгізіледі. Технологиялық жабдық бойынша амортизацияны есептеудің өндірістік әдісі орындалған жұмыстар көлеміне тең. Тозу актив пайдалануға дайын болған кезден бастап есептеледі және ол шығарылған кезден бастап тоқтатылады.

Активті есептен шығарудан түскен пайда немесе залал ағымдағы есепті кезеңнің қаржылық нәтижесіне жатады.

Аяқталмаған құрылыстың барлық объектілері «Аяқталмаған күрделі құрылыс» ретінде жіктеледі және амортизацияланбайды. Олар объектіні салу және пайдалануға беру жұмыстарын аяқтау бойынша негізгі құралдар санатына ауыстырылады.

Амортизация әдістері, күтілетін пайдалы қолдану мерзімдері және негізгі құралдардың қалдық құны қажеттілігіне қарай есепті күні талданады.

5.3. Материалдық емес активтер

5.3.1. Тану және бағалау

Соңғы пайдалы қолдану мерзімі бар материалдық емес активтер жинақталған амортизация сомаларын және құнсыздануан келтірілген залалдарды алып тастағанда нақты құны бойынша көрсетіледі.

5.3.2. Кейінші шығындар

Кейінгі шығындар, егер олар бір активке жинақталған болашақ экономикалық пайдаларды арттырса, нақты актив құнына капиталға айналдырылады. Барлық өзге шығындар туындауына қарай кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады.

5.3.3. Амортизация

Материалдық емес актвтер бойынша амортизациялық аударымдар олардың пайдалануға дайын болған кезінен бастап есептеледі және олардың тиісті пайдалы қолдану мерзімдері ішінде тура тәсілмен кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады.

5.4. Кредиторлық берешек

Кредиторлық берешек және өзге де міндеттмелер бастапқы құны бойынша есепке алынады, ол арқылы аталған міндеттемелерді өтеу үшін төлеуге күтілетін ақша қаражаттарының сомасы танылады.

5.5. Кіріс

Кіріс меншік құқығымен байланысты маңызды тәуекелдер мен пайдалар сатып алушыға берілген кезде және бұл ретте, тиісті өтемақы алу ықтималдығы жоғары болғанда, келтірілген шығындар мен тауарлардың әлеуетті қайтарымын сенімді бағалауға болатын және кіріс сомасы жоғары сенімділік дәрежесімен өлшене алатын кезде танылады.

5.6. Қызметкерлерге сыйақы беру

Қызметкерлерге сыйақы беру штаттық кестемен, еңбек шарттарымен және Қазақстан Республикасының еңбек туралы кодексінде айқындалған.

5.7. Зейнетақымен қамсыздандыру бойынша міндеттемелер

Қызметкерлер алдындағы міндеттемелерді есептеу қызметкерлердің пайдасына есептелген табыстың 10% ай сайын ұстау және ұсталған сомаларды жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару арқылы жүзеге асырылады. ҚР заңнамасына сәйкес, зейнетақы аударымдары Қазақстан Республикасындағы кез келген ұйымның қызметкерлерінің міндеттемесі болып табылады.

6. *Қаржы тәуекелдерін басқару*

6.1. Тәуекелдерге шолу

Қаржы құралдарын пайдалану нәтижесінде Қоғам мынадай тәуекелдерге ұшырағыш:

- кредиттік тәуекел;
- өтімділік тәуекелі;
- нарықтық тәуекел.

Бұл Ескертпелерде Қоғамның жоғарыда аталған тәуекелдердің әрқайсысына ұшырағыштығы туралы ақпарат ұсынылған. Біз тәуекелдерді бағалау және басқару бойынша міндеттер, саясат және процестер туралы, сондай-ақ тәуекелдерді басқару туралы зерделедік. Қоғамның атқарушы органы Қоғамдағы тәуекелдерді басқару тұжырымдамасын құру және қадағалау үшін ортақ жауапкершілікте болады.

Қоғамның тәуекелдерін басқару саясаты Қоғам бетпе-бет келетін тәуекелдерді анықтау және талдау мақсатында, тиісті лимиттер белгілеу үшін құрылады. Тәуекелдерді басқару саясаты және жүйелері нарықтық жағдайлар мен Қоғам қызметіндегі өзгерістерін көрсету үшін тұрақты түрде қайта қаралады.

Қоғам басшылығы барлық қызметкерлер өз рөлдері мен міндеттерін түсінетін жүйеге келтірілген және сындарлы бақылау ортасын басқару саласында оқытулар жүргізу және стандарттар мен процедуралар енгізу арқылы дамытуға бағытталған.

6.2. Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл клиенттер немесе қаржылық құрал бойынша контрагенттер шарттық міндеттемелерді орындай алмаған жағдайда туындайтын қаржылық шығындар тәуекелі және ол негізінен, әдетте, Қоғам клиенттерінің дебиторлық берешегімен байланысты.

6.3. Сауда және өзге де дебиторлық берешек

Әлеуетті кредиттік тәуекел туындайтын активтер негізінен сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегімен көрсетілген. Дебиторлық берешектің баланстық құны кредиттік тәуекелге ұшырағыш ең жоғары соманы білдіреді. Қоғамда кредиттік тәуекел айтарлықтай шоғырланбаған. Дебиторлық берешекті өтеу қарқыны экономикалық факторлардың әсеріне ұшырайтынына қарамастан, оның басшылығы дебиторлық берешек құнын жоғалтуда айтарлықтай тәуекел жоқ деп санайды. Қоғам клиенттерінен сауда және өзге де дебиторлық берешекке қатысты кепілдік талап етпейді.

6.4. Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Қоғамның өз қаржылық міндеттемелерін оларды өтеу мезімі туындағанда оларды орындай алмау тәуекелі. Өтімділікті басқару жолы бұл қаншалықты мүмкін болса, тиімсіз залалдардың немесе сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің беделін түсіру үшін залал тәуекелінің туындауына жол бермей, өз міндеттемелерін мерзімінде (әдеттегі жағдайларда да, әдеттен тыс жағдайларда да) орындау үшін жеткілікті өтімділіктің әрдайым болуын қамтамасыз етуде болып отыр.

Өтімділік тәуекелі – бұл Қоғам өз қаржылық міндеттемелерін оларды өтеу мерзімдері туындауына қарай орындау мақсатында ақша қаражаттарын тартуда қиындықтармен бетпе-бет келуі мүмкін тәуекел.

Қоғамның өтімділігі – бұл барлық қажетті төлемдерді жабу үшін оларды өтеу мерзімі туындауына қарай өз активтерін ақшаларға айналдыру қабілеті. Баланс өтімділігін талдау міндеті, жоғарыда көрсетілгендей, төлем қабілеттілігіне баға беру қажеттілігіне байланысты туындайды, оның өзінің барлық міндеттемелері бойынша уақтылы әрі толық есеп айырыса білуі, өтімділік коэффициенті алдыңғы параграфта көрсетілген.

Қоғам бірінші талап ету бойынша, қаржылық міндеттемелерге қызмет көрсетуді қоса алғанда, күтілетін операциялық шығыстарды жабу үшін жеткілікті көлемде ақша қаражаттарының болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді, бұл ретте дәлелді түрде алдын ала болжауға болмайтын табиғи апаттар сияқты төтенше жағдайлардың әлеуетті ықпалы есепке алынбайды.

6.5. Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл шетел валюталарының айырбас бағамдары, пайыз ставкалары сияқты және үлестік бағалы қағаздар бағасы сияқты нарықтық бағалардың өзгерістері пайданың шамасына немесе қолда бар қаржылық құралдардың құнына кері әсерін тигізу тәуекелі. Нарықтық тәуекелді басқару мақсаты Қоғамның нарықтық тәуекелген ұшырағыштығын және ол пайда сомасын тәуекелді активтерге оңтайландырумен тиімді шектерде болуын бақылау болып табылады.

6.6. Пайыздық ставканы өзгерту тәуекелі

Маңызды пайыздық активтер мен міндеттемелер болмағандықтан, аталған Қоғам пайыздық ставканың өзгеру тәуекеліне ұшырамайды.

6.7. Әділ құны

Қоғам басшылығы қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құны олардың баланстық құнына жақындастырылған деп санайды. Сауда және өзге де дебиторлық берешектің әділ құны есепті күнгі сыйақының нарықтық ставкасы бойынша есептеледі.

Кем дегенде алты айда туындайтын өтеу мерзімі бар сауда дебиторлық және кредиторлық берешекке қатысты әділ құны баланстық құнынан айтарлықтай ерекшеленбейді, себебі ақша құнының ықпалы уақыт өте келе азая береді.

7. *Қаржы есептілігін дайындаудың негізгі қағидаттары*

7.1. Қаржы есептілігінң сәйкестігі туралы мәлімдеу

Қоса берілген жылдық қаржы есептілігі «Казахстанская правда» РГ» АҚ есептеу әдісі және тоқтаусыз қызметі негізінде дайындалды.

Қаржы есептілігі шоғырландырылмаған және 2013 жылғы 01 қаңтардан бастап 2013 жылғы 31 желтоқсан (қоса алғанда) аралығындағы кезеңді қамтиды.

Жылдық қаржы есептілігі мыналарды қамтиды:

- бухгалтерлік баланс (№2 қосымша);
- пайдалар мен залалдар туралы есеп (№3 қосымша);
- ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп (тура әдіс)-(№4 қосымша)
- капиталдағы өзгерістер туралы есеп (№5 қосымша).

2013 жылға арналған қаржы есептілігі Қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) және ҚР Қаржы Министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы №422 бұйрығымен бекітілген қаржы есептілігі нысандарына сәйкес жасалды.

7.2. Бағалаулар мен пайымдауларды пайдалану

ҚЕХС сәйкес қаржы есептілігін дайындау Қоғамның Атқарушы органынан қаржы есептілігін дайындау күніндегі активтер мен міндеттемелердің есепті сомаларына және есепті кезең ішіндегі табыстар мен шығыстар сомасына әсер ететін есептік бағалаулар мен ұсыныстар жасауын талап етеді.

7.3. Қаржы есептілігінң валютасы және шетел валюталарын қайта есептеу

Қоғамның функционалдық валютасы қазақстан теңгесі болып табылады. Қоса берілген жылдық қаржы есептілігіндегі барлық сомалар мың теңгемен көрсетілген.

7.4. Қызметтің тоқтаусыздық қағидаты

Қоса берілген жылдық қаржы есептілігі Қоғам тоқтаусыз қызмет қағидатын ұстанады деген пайымдауларға сүйене отырып, ҚЕХС сәйкес дайындалды. Бұл оның көз жетерлік болашақта әдеттегі шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында активтерін сатуын және міндеттемелерін өтеуді білдіреді.

7.5. Есептеу әдісі

Қаржы есептілігі, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ақпаратты қоспағанда, есептеу әдісіне сәйкес жасалды, яғни операциялар мен оқиғалар ақша қаражаттары немесе олардың баламаларының түсуіне немесе төленуіне қарай емес, олар туындаған кезде танылады, есептік тіркелімдерде тіркеледі және олар тиесілі кезеңдердің қаржы есептілігінде беріледі.

8. Қоғамдағы бухгалтерлік есеп және құжат айналымы жүйесі

Бюджеттік жоспарлау, экономикалық талдау және бухгалтерлік есеп департаменті Қоғамның дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады және Қоғам Басқармасының Төрағасына тікелей бағынады. Құрамында бухгалтерия қызметі бар осы департаменттің құрылымы мен штатын «Казахстанская правда» РГ» АҚ жалпыұлттық қаржы-шаруашылық қызметінің көлемі мен ерекшеліктерін (күн сайын шығатын газет) ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

Бұл қызметті (құрамында бухгалтерия бар) Департамент директоры – бас бухгалтер басқарады, оны Қоғам Басқармасының Төрағасы лауазымға тағайындайды және босатады.

8.1. Құжат айналымы және құжаттарды сақтау тәртібі

Қоғамда құжат айналымы жүйесі жолға қойылған, Қоғам Басқармасы бухгалтерияға барлық құрылымдық бөлімшелердің бастапқы құжаттарды ұсыну кестесін бекіткен. Есепті кезеңнің алдындағы кезеңдердегі құжаттар нақты құжат үшін белгіленген сақтау мерзімімен бухгалтерияда сақтауда жатыр.

8.2. Ішкі аудит қызметі

Аудит процесінде Қоғамның ішкі аудитін талдауға, яғни ұйымдастырушылық құрылымын, Акционерлік қоғам басшылығы тиімді қаржы-шаруашылық қызметін жүргізу құралдары ретінде қабылдаған әдістемелер мен процедураларды талдауға тиісті назар аударылған. Ішкі аудит жұмысы жақсы жолға қойылған жағдайда, әдетте, сыртқы аудит жүргізу де жеңілдейді.

Бұл жерде аталған Қоғамда ішкі бақылаудың үш құрамдас тобы қарастырылған.

8.2.1. Бақылау ортасы

Қоғамда мамандардың біліктілігі мен тәжірибесін есепке ала отырып аудит процедураларымен расталатын міндеттер мен өзара байланыстарды бөлу арқылы ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне қажетті жағдайлар жасалды. Міндеттерді бөлу жекелеген тұлғалар олардың қызметімен үйлесімді емес міндеттерді орындамайтындығына сенімділік береді. Қызметтік міндеттер бір уақытта бір тұлғаның жұмысы екінші тұлғаның жұмысымен бақыланатындай етіп бөлінген. Жалпы ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне бақылау функцияларын жүзеге асыру бойынша міндеттер беру, шаруашылық операцияларын бухгалтерлік есеп тіркелімдерінде шынайы көрсету, бар активтер мен міндеттемелерді есепке алу бойынша тіркелімдер жүргізу белгілі бір оң ықпалдарға (бар болуы және шығу тегі) қол жеткізу үшін қызмет атқарады.

Бұл кезеңде шаруашылық операцияларды бухгалтерлік тіркелімдерде қалай белгілеу міндетімен ішкі аудит жүйесі тексерілді. Ол үшін мыналар таңдалды:

- Қоғамның есеп саясаты, оның ұйымдық-техникалық және әдіснамалық негіздері;
- Бухгалтерия қызметінің ұйымдастырушылық құрылымы, орындаушылар арасында міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу;
- Бастапқы құжаттарды ресімдеу тәртібі және құжат айналымын ұйымдастыру;
- Бухгалтерлік жазбалар жүргізу және оларды бухгалтерлік есеп тіркелімдерінде көрсету тәртібі.

8.2.2. Бақылау құралдары

Қоғам бухгалтерлік құжаттардың тиісті деңгейде сақталуын, бюджеттік-қаржылық және есептеу қызметкерлерінің арасында қызметтік міндеттерді нақты бөлуді, қаржы-шаруашылық операцияларын уақтылы құжаттауды және олардың есепке алынуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қоғамның жекелеген бөлімдері мен құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне ішкі аудит жүргізеді. Техникалық бақылау құралдары техникалық құралдар мен компьютерлік-талдамалық бағдарламаларды пайдалана отырып тыйым салынған учаскелерде күзет қолдауды және оларға кіруді шектеуді болжамдайды.

Біз түптеп келгенде Қоғамның қаржы есептілігінің шынайылығы мен әділдігі туралы пікір қалыптастыру үшін қажетті қызметкерлердің функционалдық міндеттерінің көлемін айқындау үшін және осыған байланысты, ұсынылған ақпаратта айтарлықтай бұрмалаушылықтарды анықтамауда аудиторлық тәуекелді бағалау үшін ішкі аудит жағдайын қарастырдық.

9. *Маңыздылық деңгейін анықтау*

Аудиттің түпкі мақсаты қаржы есептілігінің шынайылығын және жасалған қаржылық және шаруашылық операциялардың Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкестігін анықтау болып табылады. Біздің алдымызда қаржы есептілігінің шынайылығын абсолютті әлдікпен анықтау міндеті тұрған жоқ, алайда біз оны барлық маңызды аспектілерінде жетілдіруге жәрдемдесуге міндеттіміз.

Бұл ереже №320 «Аудитті жоспарлаудағы маңыздылық» халықаралық аудит стандартында (ХАС) белгіленген, оны ХАС – 200 «Тәуелсіз аудитордың ортақ м ақсаттары және аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізу» контексінде қарастырған жөн.

Қаржы есептілігінің барлық маңызды жағынан шынайылығы дегеніміз – осы есептілікті білікті пайдаланушы дұрыс қорытындылар жасай және оң экономикалық шешімдер қабылдай алатындай қаржы есептілігіндегі көрсеткіштердің дәлдік дәрежесі.

Ақпараттың маңыздылығы – бұл оның осы есептілікті пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер ете алатын қасиеті. Аудит барысында анықталған бұзушылықтардың маңыздылығы аудитор үшін ол тексеріліп отырған субъектінің қаржы есептілігінің шынайылығын растау үшін өлшем болып табылады.

10. *Аудиттің бастапқы кезеңі*

Аудитті жоспарлау оны жүргізудің бастапқы кезеңі болып табылады және аудиттің күтілетін көлемін, жүргізу кестесі мен мерзімдерін, сондай-ақ аталған Қоғамның қаржы есептілігі бойынша аудиторлық ұйымның объективті пікірін қалыптастыруы үшін аудиторлық процедураларды жүзеге асыру түрлері мен жүйелілігін көрсете отырып, аудиторлық ұйымның аудиттің алдын ала жоспарын әзірлеуінен тұрады. Аудитті жоспарлау кезінде біз Халықаралық аудит стандарттарын (ХАС) – 300 «Қаржы есептілігінің аудитін жоспарлау» (2009 жылғы 15 желтоқсаннан бастап қолданылады) басшылыққа алдық.

Қоғамның қаржы есептілігінің аудиті үш кезеңнен тұрады:

- Аудитті жоспарлау;
- Жүргізілген процедуралар негізінде аудиторлық дәлелдерді жинау;
- Аудит нәтижелері бойынша есеп және Қаржы есептілігіне ескертпелер және аудит жүргізіліп отырған Қоғам басшылығына аудиттің аяқталғандығы туралы ақпараттық хат (ұсыныс) дайындау.

Аудитордың мақсаты аудитті тиімді, сапалы әрі белгіленген мерзімдерде дайындалатындай етіп жоспарлау болып табылады.

Атап айтқанда, алдын ала жоспарлау кезеңінде Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі, төлем қабілеттілігі және қаржылық жағдайы, ұйымдастырушылық құрылымы; оның қызметіне ықпал ететін факторлар; бухгалтерлік есеп және құжат айналымы жүйесі зерттелді; есеп жәнесалық саясаты талданды; ішкі аудит қызметі бағаланды. Аудитті жоспарлау процесінде қаржы есептілігінің сапасына әсер етуі мүмкін ықтимал тәуекелдер айқындалады. Жалпы аудит жоспарын дайындау кезінде

маңыздылық деңгейі анықталады, соған сәйкес сапалы аудит процедурасын жүргізу үшін жекелеген қаржы-шаруашылық операциялар таңдап алынды.

11. Капиталды басқару

Қоғам басшылығы кредит берушілердің сенімін сақтауға мүмкіндік беретін тұрақты капитал базасын қамтамасыз ету саясатын ұстанады, ол капиталдың табыстылығын қадағалайды және қарыз алудың аса жоғары деңгейінде табысты ықтимал арттыру мен капитал өсімі бөлігінде тұрақты жай-күйін қамтамасыз ететін қауіпсіздік артықшылықтары арасында тепе-теңдікті ұстануға тырысады.

Қоғам есепті кезеңде капиталды басқарудағы тәсілін өзгерткен жоқ, оның капиталына қатысты сыртқы реттеуші талаптар объектісі болып табылған жоқ.

Қоғамның 31.12.2013ж. жағдай бойынша қаржы есептілігінің баптарын ашу

12. Қысқа мерзімді активтер

12.1. Ақша қаражаттары және олардың баламалары (баланстың 010 жолы)

(мың теңге)

Көрсеткіштер атауы	Есепті кезеңнің аяғында (31.12.2013 ж.)	Есепті кезеңнің басында (31.12.2012 ж.)
Кассадағы қолма-қол ақша	2 381	2 747
Банктердегі ағымдағы банк шоттарындағы ақша	186 168	196 204
Депозиттік шоттардағы ақша қаражаттары	0	0
Жиыны:	**188 549**	**198 951**

12.2. Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек (баланстың 016 жолы)

(мың теңге)

код	Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2012 ж.
1200	**Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек**	**87 107**	**69 774**
1210	**Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық қарызы**	**72 262**	**78 557**
1211	Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық қарызы	4 585	4 363
1212	Мемлекеттік тапсырыс	0	0
1213	Бәйтеректің қысқа мерзімді берешегі	3 078	2 307
1214	Корпункттің қысқа мерзімді берешегі	0	30
1215	Жарнама – Астананың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	4 065	4 981
1217	Жарнама шарттары бойынша берешек	56 477	58 563
1218	Жазылу бойынша қысқа мерзімді берешек	4 043	8 313
1219	Өзге де қысқа мерзімді берешек	0	0
1250	**Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі**	**4 297**	**7 692**
1251	Есеп беретін тұлғалардың өзге де қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	124	0
1252	Төленген жалақы бойынша берешек	1 976	98
1253	Қызметкерлерге берілген қарыздар бойынша қысқа мерзімді берешек	2 197	7 594
1270	**Алынуы тиіс қысқа мерзімді сыйақылар**	**36**	**38**
1280	**Өзге де қысқа мерзімді дебиторлық берешек**	**12 543**	**9 472**

1281	Өнім берушілерге ТМҚ қайтару бойынша берешек	0	0
1284	Өзге де қысқа мерзімді дебиторлық берешек	12 543	9 472
1290	**Күмәнді талаптар бойынша резерв**	**(2 031)**	**(25 986)**

31.12.2012 жылға күмәнді талаптар бойынша резерв қалдығы 25 986 мың теңге сомасында есептеледі, 31.12.2013 ж. 2 031 мың теңге болған, қаржы есептілігін құрастыру кезінде резерв қысқа мерзімді дебиторлық берешектен алынып тасталды.

12.3. Ағымдағы табыс салығы (баланстың 017 жолы)

(мың теңге)

бухгалтерлік есеп шоттарының коды	Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2012 ж.
1410	Корпоративтік табыс салығы	30 611	22 120
	Жиыны:	**30 611**	**22 120**

12.4. Қорлар (баланстың 018 жолы)

(мың теңге)

код	Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2012 ж.
1310	**Қорлар**	**6 786**	**4 982**
1313	Жанар-жағармай	1 047	456
1315	Қосалқы бөлшектер	780	728
1316	Өзге де қорлар	4 959	3 798

12.5. Өзге де қысқа мерзімді активтер (баланстың 019 жолы)

(мың теңге)

код	Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2012 ж.
1610	Берілген қысқа мерзімді аванстар	7 202	4 265
1620	Болашақ кезеңдердің қысқа мерзімді шығыстары	706	583
1630	Өзге де салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	1 998	3 403
	Жиыны:	**9 906**	**8 251**

13. Ұзақ мерзімді активтер

13.1. Ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек (баланстың 115 жолы)

(мың теңге)

бухгалтерлік есеп шоттарының коды	Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2012 ж.
2100	**Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек**	**13 512**	**17 088**
2150	Қызметкерлердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі	12 082	15 658
2151	Есеп беретін тұлғалардың берешегі	0	0
2152	Төленген жалақы бойынша берешек	483	517
2153	Қызметкерлерге берілген қарыздар бойынша ұзақ мерзімді берешек	11 599	15 075
2180	**Өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешек**	**1 430**	**1430**
2184	Өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	1 430	1 430

13.2. Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар (баланстың 116 жолы)

(мың теңге)

бухгалтерлік есеп шоттарының коды	Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2012 ж.
2200	**Үлестік қатысу есепке алынатын инвестициялар**	**500**	**2 576**
2210	Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар	500	2 576

Қоғам «Arna Advertising» ЖШС қауымдасқан ұйымын құру кезінде 500 мың теңге сомасында (немесе Серіктестіктің жарғылық капиталындағы 25% үлес) инвестиция салды, оның есебі ҚЕХС 28 «Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар» сәйкес жүргізіледі. Серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес 2010-2012 жылдардың қорытындысы бойынша қоғамға 4 338 мың теңге дивидендтер есептелді.

13.3. Инвестициялық мүлік (баланстың 117 жолы)

(мың теңге)

бухгалтерлік есеп шоттарының коды	Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2012 ж.
2300	**Жылжымайтын мүлікке инвестициялар**	**104 041**	**104 041**
2310	Жылжымайтын мүлікке инвестициялар	104 041	104 041

Қоғамда құны 104 041 мың теңге 1,3547 га (кадастрлық нөмірі 20-315-905-006) жер учаскесі инвестициялық мүлік деп танылады (Алматы қаласы, Медеу ауданы, Горная көшесі, 368-үй). Жер учаскесі нысаналы мақсаты аумақты абаттандыру және көгалдандырумен кемпинг салу болып табылатын жекеменшік құқығымен Қоғамға тиесілі. Жер учаскесін сатып алу-сату шарты 2009 жылғы 19 қаңтардағы №53 санымен тіркелген. Алайда Қоғам жер учаскесін пайдаланбайды.

13.4. Негізгі құралдар (баланстың 118 жолы)

(мың теңге)

Көрсеткіштер атауы						
	жер	ғимараттар мен құрылыстар	машиналар мен жабдықтар	көлік құралдары	өзге де негізгі құралдар	жиыны
Бастапқы құны						
31.12.2012 ж.	**0**	**221 681**	**28 596**	**34 997**	**43 485**	**328 759**
түсім	214		12 794	7 311	5 615	**25 934**
қайта бағалаудан құнының өсуі			2 337	5 068	51 535	**58 940**
қайта бағалаудан құнының азаюы				3 616	2 066	**5 682**
кетуі	21				4 885	**4 906**
31.12.2012 ж.	**193**	**221 681**	**43 727**	**43 760**	**93 684**	**403 045**
2013 жылы негізгі құралдардың түсімі	21	103 482	0	6 770	16 746	**127 019**

2013 жылы негізгі құралдардың кетуі	21		190	5 468	31 179	36 858
31.12.2013 ж.	193	325 163	43 536	45 062	79 252	493 207
Жинақталған тозу және құнсызданудан келген шығындар						
31.12.2012 ж.		40 256	28 122	21 546	72 528	162 452
31.12.2013 ж.		47 523	33 397	29 457	50 415	160 792
Баланстық (қалдық) құны						
2012 ж. 31 желтоқсанда	0	186 968	5 749	22 794	19 048	240 594
2013 ж. 31 желтоқсанда	193	181 426	8 617	22 214	28 144	332 415

13.5. Материалдық емес активтер (баланстың 121 жолы)

(мың теңге)

Көрсеткіштер атауы	2012 жылғы 31 желтоқсанда		
	Бастапқы құны	Жинақталған тозу	Таза баланстық құны
Өзге де материалдық емес активтер, оның ішінде: Бағдарламалық қамтым	35 409	16 524	18 885
Үй-жайды пайдалану құқығы			
	2013 жылғы 31 желтоқсанда		
Өзге де материалдық емес активтер түсімі,	6 424	4 850	1 574
Жиыны	41 833	21 374	20 458

13.6. Өзге де қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер (баланстың 123 жолы)

(мың теңге)

бухгалтерлік есеп шоттарының коды	Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2012 ж.
3100	Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	21	21
3040	Жер учаскелерін жалға алу бойынша ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	21	21

13.7. Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек (баланстың 213 жолы)

(мың теңге)

бухгалтерлік есеп шоттарының коды	Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2012 ж.
3300	Өнім берушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	64 045	44 863
3310	Өнім берушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	63 101	43 985
3390	Өзге де қысқа мерзімді кредиторлық берешек	940	878
3395	Атқару парақтары бойынша берешек	12	0

13.8. Қысқа мерзімді резервтер (баланстың 214 жолы)

(мың теңге)

шоттар коды	Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2012 ж.
3400	Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	22 302	2 635
3410	Қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелер	22 302	
3430	Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша міндеттеме	0	2 635

13.9. Қызметкерлерге сыйақы (баланстың 216 жолы)

(мың теңге)

бухгалтерлік есеп шоттарының коды	Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2012 ж.
3350	Қызметкерлерге еңбекке ақы төлеу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	371	5 032

13.10. Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер (баланстың 217 жолы)

(мың теңге)

шоттар коды	Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2012 ж.
3100	Салықтар бойынша міндеттемелер	37 986	22 297
3128	Жеке табыс салығы	263	371
3130	Қосымша құн салығы	36 858	20 824
3150	Әлеуметтік салық	401	510
3170	Көлік құралдарына салынатын салық	0	5
3180	Мүлікке салынатын салық	459	587
3190	Өзге де салықтар	5	0
3500	Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	22 855	31 489
3510	Алынған қысқа мерзімді аванстар	22 855	31 489
3200	Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер	963	169
3210	Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер	48	31
3220	Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер	915	138
	Барлығы	61 804	53 955

14. Ұзақ мерзімді міндеттемелер

14.1. Жалға алу бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек (баланстың 313 жолы)

(мың теңге)

шоттар коды	Көрсеткіштер атауы	Есепті кезеңнің аяғында 31.12.2013 ж.	Есепті кезеңнің басында 31.12.2012 ж.
4100	Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	171	171
4150	Жер учаскесін жалға алу бойынша ұзақ мерзімді берешек	171	171

14.3. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері (баланстың 315 жолы)

(мың теңге)

шоттар коды	Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2012 ж.
4300	**Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері**	**4 484**	**3 309**
4310	Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	4 484	3 309

15. Қоғам капиталы (баланстың 410-500 жолы)

(мың теңге)

Көрсеткіштер атауы	Есепті кезеңнің аяғында (31.12.2013 ж.)	Есепті кезеңнің басында (31.12.2012 ж.)
Жарғылық капитал	**459 864**	**356 382**
Негізгі құралдарды қайта бағалауға резерв	3 216	6 388
Кезең басындағы бөлінбеген кіріс	206 702	153 615
Түзету	(1 726)	858
Есепті жылдың кірісі	7 998	70 748
Дивидендтер есептелді	(35 374)	18 520
Кезең аяғындағы бөлінбеген кіріс	177 599	206 701
Жиыны:	**640 679**	**569 471**

16. Пайдалар мен залалдар туралы есеп көрсеткіштерін ашу

16. Түсім (табыстар)

Табыстар Қоғам үшін мәмілеге байланысты экономикалық пайда алу ықтималдығы болғанда және ықтимал сенімділік дәрежесінде табыс мөлшерін бағалау мүмкін болған кезде табыс деп танылады. Өнімді сатудан түскен табыс олар туындаған кезде танылады. Қоғамның негізгі табыс түрлері деп мыналар саналады: жазылу және бөлшек сауда арқылы газеттер мен журналдарды сату; жарнамалық және ақпараттық қызметтерден түскен табыс; баспа БАҚ арқылы мемлекеттік тапсырысты іске асыру; сатуда түскен өзге де табыстар.

16.1. Өнімді сатудан түскен табыстар (түсім) және кіріс

(мың теңге)

«Пайдалар мен залалдар туралы есеп» жолының №	Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж. есепті кезең үшін	31.12.2012 ж. өткен кезең үшін
010	Өнімді сатудан түскен табыстар (жазылу және бөлшек сауда)	309 656	283 649
	Жарнамадан түскен табыстар	445 418	456 887
	Республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асырудан түскен табыстар	516 449	536 691
016	Өзге де табыстар	0	6
	Жиыны:	**1 271 523**	**1 277 233**

16.2. Сату бойынша шығыстар (Сатылған өнімдер мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны) – пайдалар мен залалдар туралы есептің 011 жолы

(мың теңге)

«Пайдалар мен залалдар туралы есеп» жолының №	Көрсеткіштер атауы	Есепті кезең үшін (31.12.2013 ж.)	Өткен кезең үшін (31.12.2012 ж.)
011	**Өнімді сату бойынша шығыстар (өнімнің өзіндік құны)**	**1 075 360**	**975 276**
	оның ішінде:		
	- «Казахстанская правда» газетінің өзіндік құны	1 061 702	961 212
	- «Бәйтерек» журналының өзіндік құны	13 658	14 063

Қоғамның өзіндік құнының негізгі элементтері мыналар: баспахана шығындары; материалдар (газеттік қағаз); жалақы және аударымдар; салықтар; іссапар шығындары; өзгесі (байланыс қызметтері, коммуналдық қызметтер және т.б.).

Дайын өнімді (газеттер мен журналдарды) дайындауға жұмсалатын шығыстар мыналарды қамтиды:

(мың теңге)

Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2012 ж.
Еңбекке ақы төлеу	324 064	264 276
Еңбекке ақы төлеуден ұсталатын аударымдар	36 222	27 417
Материалдар	310 026	300 796
Баспахана шығындары	286 208	235 763
Экспедиторлық қызметтер	0	16 845
Өзге де шығыстар	118 840	130 179
Жиыны:	**1 075 360**	**975 276**

16.3. Сату бойынша шығыстар

(мың теңге)

Көрсеткіштер атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2012 ж.
Сату бойынша шығыстар	31 534	29 118
Жиыны:	**31 534**	**29 118**

16.4. Әкімшілік шығыстар (пайдалар мен залалдар туралы есептің 014 жолы)

(мың теңге)

рет №	Көрсеткіштер атауы	2013 жылғы шығыстар сомасы	2012 жылғы шығыстар сомасы
	Шығыстардың барлығы:		
1	Еңбекке ақы төлеу	99 568	100 871
2	Әлеуметтік салық және қорғау аудару	18 528	10 278
3	Міндетті сақтандыру		0
4	Материалдар, оның ішінде:	1 276	1 172
	- ЖЖМ	0	0
	- қосалқы бөлшектер	474	503
	- кеңсе тауарлары	121	694
	- өзге де материалдар	845	518

5	Дайын өнім	15 581	12 240
6	НҚ және МЕА амортизациясы	34 200	5 542
7	Тараптық ұйымдардың қызмет көрсетуі	0	26 675
8	Өзге де шығыстар	(9 464)	15 235
	Жиыны:	**161 132**	**173 728**

16.5. Өзге де шығыстар (пайдалар мен залалдар туралы есептің 015 жолы)

(мың теңге)

Көрсеткіштер атауы	Есепті кезең үшін (2013 жыл)	Өткен кезең үшін (2012 жыл)
Активтердің кетуі бойынша шығыстар	297	278
Активтерді қайта бағалау бойынша шығыстар		5 682
Бағамдық айырма бойынша шығыстар	292	444
Күмәнді қарыздар бойынша резервтер құру бойынша шығыстар		10 612
Өзге де шығыстар	76	179
Жиыны:	**665**	**17 195**

17. Ақшалардың қозғалысы (31.12.2013ж. ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп)

Қоғам ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп құрастырған кезде тура әдісті қолданған. Есепті кезең ішінде ақша азайтылып, 188 549 мың теңгені, ал 2012 жылы – 10 402 мың теңгені құраған.

18. Шартты міндеттемелерді ашу

18.1. Сақтандыру

Қазақстандағы сақтандыру қызметтері нарығы қалыптасу сатысында және басқа елдерде таралған көптеген сақтандыру түрлері біздің елде әлі қолжетімді болмай отыр.

Қоғам өз мүлкіне және апаттар немесе Қоғам қызметі нәтижесінде жылжымайтын мүлік объектілеріне немесе қоршаған ортаға келтірілген залалға байланысты туындаған үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерден келтірілген залалдарға қатысты толық сақтандырылмаған. Барабар сақтандыру өтемі болмайынша, активтерді жоғалту немесе зақымдау Қоғамның қызметіне және қаржылық ахуалына кері әсерін тигізу қаупі бар.

Тәуекелдерді азайту мақсатында, ҚР заңнамасына сәйкес, Қоғам көлік құралдары сияқты активтерін, сондай-ақ жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырып қойған.

18.2. Салық тәуекелдері

Қазақстанның салыстырмалы түрде жаңа салық жүйесі көбінесе заң шығарушы органдардың өзгерістеріне ұшырайтын, көбінесе Салық заңнамасына қайшы келетін ресми түсініктемелер берілетін және сот шешімдері қабылданатын салықтардың алуан түрлілігімен сипатталады.

Атап айтқанда, салықтар есептеуге қатысты тексерулермен ірі айыппұл салықтарын салуға құқылы бірнеше реттеуші органдар айналысады. Салықтар

есептеудің дұрыстығы алдыңғы бес күнтізбелік жылды қамтуы мүмкін, алайда, белгілі бір жағдайларда бұл мерзім тағы ұлғайтылуы мүмкін.

Аталған жағдайлар Қазақстандағы салық тәуекелдері Әлемнің басқа елдеріне қарағанда неғұрлым жоғары болуына әкеп соқтыруы мүмкін. Сондай-ақ, басшылықтың пікірінше, Қоғамдағы салық тәуекелдері өте аз, және салық заңнамасын, нормативтік талаптар мен сот шешімдерін өзінше түсінуіне сүйене отырып, салық міндеттемелері қаржы есептілігінде толық көрсетілген деп санайды.

18.3. Қызметті жүргізу шарттары

Қазақстан Республикасының экономикасы нарықтық экономика қалыптасту сатысында болып отырған елдерге тән белгілерді әлі де көрсетіп келеді. Мұндай белгілерге, басқаларымен қоса алғанда мыналар да жатады: ұлттық валюта елден тыс жерлерде еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды; қатаң валюталық бақылау; қарыздық және үлестік бағалы қағаздардың ашық және жабық нарықтарында өтімділік төмен деңгейде.

Қазіргі таңда біздің еліміз әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысқа бет алған. Қазақстан Республикасындағы экономикалық тұрақтылық перспективалары айтарлықтай дәрежеде Үкімет қабылдап отырған экономикалық шараларға, сондай-ақ заңнамалық базаның дамуы мен саяси жағдайға байланысты.

19. Байланысты тараптар арасындағы мәмілелер

ҚЕХС 24 «Байланысты тараптар туралы ақпарат ашу» айқындалғандай, біреуі екінші тарапты бақылау немесе оның операциялық және қаржылық шешімдеріне айтарлықтай ықпал ету мүмкіндігіне ие болған тараптар байланысты тараптар деп танылады. Тараптардың байланысты болып табылатындығы туралы мәселені шешкенде, тараптардың заңды нысаны ғана емес, сондай-ақ олардың өзара қарым-қатынасының мазмұны ескеріледі.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелерге қосыла алмайды, мұндай мәмілелердің бағалары мен шарттары байланысты емес тараптардың арасындағы мәмілелердің бағалары мен шарттарынан өзгеше болуы мүмкін.

Осы қаржы есептілігін ұсыну мақсатында Қоғамның байланысты тараптары мыналар:

- акционер – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі (Ақпаарт және мұрағат комитеті);
- қауымдасқан компания – «Arna Advertising» ЖШС;
- басты басқарушы персонал – «Казахстанская правда» РГ» акционерлік қоғамы.

2013 жылғы 31 желтоқсанда байланысты тараптар алдындағы берешек сомасы және байланысты тараптардан алынуы тиіс сомалар, сондай-ақ байланысты тараптармен жасалған мәмілелер былайша көрсетілген:

(мың теңге)

	Байланысты тараптың берешегі		Байланысты тарап алдындағы берешек	
	2013 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2012 жыл
ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті		11 679	0	0
«Arna Advertising» ЖШС		2 936	0	0
Жиыны:		**14 615**		

Акционерное общество Республиканская газета «Казахстанская правда»

Финансовая отчетность

Акционерное общество «Республиканская газета «Казахстанская правда» за год, завершившийся 31 декабря 2013 года, с аудиторским отчетом

Астана

2014 год

Акционерное общество «Республиканская газета «Казахстанская правда»

Содержание

1. Письменная информация руководству Акционерного общества «Республиканская газета «Казахстанская правда» (далее, АО «РГ«Казахстанская правда» о завершении аудита

2. Подтверждение руководства АО «РГ«Казахстанская правда»

3. Аудиторский отчет ТОО «Астана-Аудит»

4. Финансовая отчетность АО «РГ«Казахстанская правда» за год, закончившийся 31 декабря 2013 года:

а) Бухгалтерский баланс по состоянию на 31.12.2013 года;

б) Отчет о прибылях и убытках за 2013 год ;

в) Отчет о движении денежных средств за 2013 год;

г) Отчет об изменениях в капитале за 2013 год;

д) Пояснительная записка к финансовой отчетности АО «РГ«Казахстанская правда» за год, закончившийся на 31.12.2013 года.

5. Примечания ТОО «Астана-Аудит» к финансовой отчетности АО «РГ«Казахстанская правда» за 2013 год.

2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде байланысты тараптармен жасалған мәмілелер мынадай деректермен берілген:

(мың теңге)

	2013 жылы қызметтер сатып алу	2013 жылы қызметтерді сату
ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті	516 449	0
«Arna Advertising» ЖШС	0	0
Жиыны:	**515 449**	**0**

Басты басқарушы персоналға сыйақы беру

Жоғары буындағы басты басқарушы персоналға, яғни Қоғам қызметін жоспарлау, басқару және бақылау мәселелерінде өкілеттіктер мен жауапкершілік берілген тұлғаларға Қоғамның бірінші басшылары – Қоғам Басқармасының мүшелері: Басқарма Төрағасы және Басқарма Төрағасының орынбасарлары жатады.

2013 жылы негізгі басқарушы персоналға ақы төлеуге жұмсалған шығындар 99 568 мың теңгені құрайды. Оларды ұстауға жұмсалатын шығыстар пайдалар мен залалдар туралы есепте әкімшілік шығыстар құрамында есепке алынды.

20. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті күннен кейінгі оқиғалар 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы есептілігіне түзетуші әсерін тигізбейтін әдеттегі шаруашылық операцияларынан тұрады.

«Казахстанская правда» РГ» АҚ
Басқарма Төрағасының орынбасары **А.А. Мұқашев**

Қоғамның бас бухгалтері **А.Ш. Байкенова**

«Астана-Аудит» ЖШС
бухгалтерлік есеп және аудит
әдіснамасы, салық практикасы
жөніндегі бас маманы **Ғ.С. Наурызбаева**

Товарищество с ограниченной ответственностью «Астана-Аудит»

Письменная информация
Руководству Акционерного общества «Республиканская газета «Казахстанская правда» по финансовой отчетности за 2013 год

Астана

2014 год

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Жауапкершілігі шектеулі
серіктестік

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
Товарищество с ограниченной
ответственностью

АСТАНА-АУДИТ

«08» апреля 2014 г.
№ 33

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, д. 61, оф. 4
тел./факс: +7 /7172/ 31 00 24
РНН 031400123141, БИН 960340000178
ИИК KZ34319Y010000359934, БИК ABKZKZKX
Филиал АО "БТА Банк" г. Астана

Правлению
Акционерного общества
Республиканская газета
«Казахстанская правда»

Письменная информация

по итогам аудита финансовой отчетности АО «РГ«Казахстанская правда» за 2013 год

Данная письменная информация направляется в связи с завершением аудита финансовой отчетности АО «Республиканская газета «Казахстанская правда» (далее Общество) за год, закончившийся 31 декабря 2013 года, с целью выражения мнения о том, дает ли финансовая отчетность достоверный и справедливый взгляд (представляет ли справедливо во всех существенных аспектах) на финансовое положение Предприятия по состоянию на 31 декабря 2013 года, финансовые результаты его деятельности и движение денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, в соответствии с Международными стандартами финансовой отчетности.

На основании нашего опыта и исходя из существенности поставленных задач аудит подтверждает следующие:

- Не было допущено нарушений со стороны руководства и работников Предприятия, играющих важное значение в функционировании систем бухгалтерского учета; также не было упущений, которые могли бы оказать существенное влияние на финансовую отчетность Предприятия за 2013 год;
- Финансовая отчетность не содержит существенных искажений и упущений;
- Предприятие выполнило все свои обязательства, которые могли бы оказать влияние на финансовую отчетность в случае их нарушения;

- Кроме того, нами не были обнаружены каких – либо недостатков требований регулирующих государственный органов, которые могли бы оказать отрицательное влияние на финансовую отчетность в случае их не выполнения.

Мы не имеем никаких суждений и намерений, которые могут значительно изменить балансовую стоимость или классификацию активов и обязательств, отраженных в финансовой отчетности Предприятия.

Исполнительный орган Общества раскрыло в представленной пояснительной записке к финансовой отчетности все обязательства, как фактические, так и условные.

С уважением,

Директор ТОО «Астана - Аудит»,
кандидат юридических наук, аудитор **Аманбай Кунтлеуов**

ПОДТВЕРЖДЕНИЕ

Руководства АО «РГ«Казахстанская правда» об ответственности за подготовку финансовой отчетности за год, закончившийся 31.12.2013 года

Исполнительный орган АО «РГ«Казахстанская правда» (далее Общество) отвечает за подготовку и достоверность представленных документов и финансовой отчетности, справедливо отражающей во всех существенных аспектах финансовое положение Предприятия по состоянию на 31 декабря 2013 года, а также результаты его деятельности, движения денежных средств и изменения в капитале за год, закончившийся указанной датой, в соответствии с Международными стандартами финансовой отчетности (МСФО).

При предоставлении документов и информации для проведения независимого аудита финансовой отчетности АО «РГ«Казахстанская правда» за 2013 год, его исполнительный орган несет ответственность, за:

- выбор надлежащих принципов ведения бухгалтерского учета и их последовательное пользование;
- применение обоснованных оценок и расчетов;
- соблюдение требований МСФО и раскрытие всех существенных аспектов в пояснительной записке к финансовой отчетности;
- подготовку финансовой отчетности АО «РГ«Казахстанская правда» за 2013 год, исходя из допущения, Общество будет продолжать свою деятельность в обозримом будущем, за исключением случаев, когда такое допущение неправомерно.

Исполнительный орган Общества также несет ответственность, за:

- разработку, внедрение и обеспечение функционирования эффективной и надежной работы внутреннего аудита;
- поддержание системы бухгалтерского учета, позволяющей в любой момент с достаточной степенью точности подготовить информацию о финансовом положении АО «РГ«Казахстанская правда» за период с 01 января 2013 года по 31 декабря 2013 года и обеспечить соответствие финансовой отчетности требованиям МСФО и законодательству Республики Казахстан;
